

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ
7 - қазан, 2022 ж.

Астана, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI
ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: БАСЫМДЫҚТАР
МЕН ІЗДЕНІСТЕР» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-
практикалық конференция материалдарының

ЖИНАҒЫ

7 - қазан, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
«ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В XXI ВЕКЕ: ПРИОРИТЕТЫ И
ПОИСКИ» посвященная памяти профессора А.А.Молдажановой
7-октября, 2022 г.

COLLECTION

Collection materials of the International scientific and practical Conference
«PEDAGOGICAL EDUCATION IN THE XXI CENTURY: PRIORITIES AND
SEARCHES» dedicated to the memory of professor A.A.Moldazhanova

October -7, 2022 y.

Астана, 2022

ӘӨЖ 37.0
ББК 74.00
П 82

Редакция алқасы:

Ж.Д.Курманғалиева - Басқарма мүшесі - Ғылым, коммерциаландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Б.П.Сейітқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** - п.ғ.к., доцент; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Махадиева А.К** - PhD., **Балтабаева Ж.Б.** - магистр, **Қуатов А.К.** - магистр.

ISBN 978-601-337-713-1

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Профессор А.А.Молдажанова және қазақстандық білім беру жүйесінің дамуы», «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобаны жүзеге асыру - Жаңа Қазақстанды дамытудағы басым бағыт», «Білім берудің ғаламдық мәселелерін шешуде адами ресурстардың бірігуі» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -587 бет.

ӘӨЖ 37.0
ББК 74.00
П 82

ISBN 978-601-337-713-1

«Профессор А.А.Молдажанованы еске алуға арналған «XXI ғасырдағы педагогикалық білім беру: басымдықтар мен ізденістер» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

@Астана, 2022

Таким образом, «Оценивание для обучения и оценивание обучения» играет важную роль в процессе обучения учащимися в школе. Прозрачность в оценивании ученикам нравится. У учителя не будет ни любимчиков, ни аутсайдеров. Ученики сами будут видеть свои ошибки, и стремиться их ликвидировать. У детей будут заранее определены цели и задачи обучения по каждому предмету. И используя свой маршрутный лист, ученик будет целенаправленно идти к финишу. «Оценивание для обучения и оценивание обучения» должно проходить постепенно и целенаправленно. Чтобы и дети, и родители, и сами учителя поняли важность и необходимость этого внедрения в систему обучения в школе. Мир меняется, меняются и требования к образованию. *«Диагностический, формативный и суммативный виды оценивания являются составными частями системы оценивания, они существуют и функционируют параллельно с целью улучшения качества обучения и учения» (Шакиров Р.Х. и др., 2012, с.59).*

Литература:

1. Руководство для учителя: Третий (базовый) уровень - Астана: Рекомендовано к печати Методическим советом ЦПМ, АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2012
2. Дудкина О.И., Буркитова А.А., Шакиров Р.Х. Формативное оценивание в начальной школе, Бишкек, 2012,

УДК 37.376.1

ИНКЛЮЗИВТІ МЕКТЕПТЕГІ ТҮЮТОР: АСБ БАР БАЛАНЫ СҮЙЕМЕЛЕУДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Махадиева А.К., Аубакирова К.М., Рай К.М.

PhD., б.ғ.к., доцент м.а.

«Әлеуметтік педагогика» мамандығының 2 курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті. Астана, Қазақстан

«Инклюзивті білім беру» ұғымы білім беру адамның негізгі құқықтарының бірі болатын және де ол әділ қоғамның негізін құрайтын тұжырымнан қалыптасқан. Барлық оқушылар жеке қасиеттеріне немесе проблемаларына қарамастан білім алуға құқылы. Әлемдік қоғамдастық барлық адамдардың нәсілдік, этникалық, жыныстық, дене, психикалық және басқа да айырмашылықтарына қарамайтын құқықтары теңдігі принципін басшылыққа ала отырып, БҰҰның халықаралық құқықтық актілерінде инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдарын бекітті. «Инклюзивті білім беру – барлық дискриминация формасына тосқауыл қоятын, оқушының білім алуындағы әр түрлі қажеттіліктері мен алуан түрлілігін есепке ала отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған, жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі» [1].

Қазіргі уақытта қалыптасқан мектептердегі жағдайды талдай отырып,

мүмкіндігі шектеулі оқушылардың саны көп екенін атап өтуге болады. Инклюзивті білім берудің енгізілуімен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту туралы мәселе туындады. Еліміздегі ерекше білімді қажет ететіндер балалар катеогриясының статистикалық мәліметтеріне сүйенсек:

- психикалық дамуы тежелген балалардың саны 50 мыңнан асады;
- сөйлеу қабілеті бұзылған балалардың саны 47 мыңнан асады;
- нашар көретіндер - 8 004;
- нашар еститіндер - 3 857;
- ақыл-есі кем - 25 045;
- тірек-қимыл аппаратының бұзылуы - 18 841;
- аутизм спектрінің бұзылуы - 5 193;
- естімейтіндер - 2 054;
- көзі көрмейтіндер - 313 [2].

Ал, инклюзивті оқыту - мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту екендігін ескерсек, онда ерекше білімді қажет ететін балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеп, оқу үдерісін ұйымдастыруда тьюторлық сүйемелдеудің маңызы зор.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін ерекше білімді қажет ететін балалар оқитын мектептерде мұғалімнің сыныптағы фронтальды жұмысын тоқтатпай, оқушының оқуын ұйымдастыра алатын және оның жеке білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын тәрбиеші, яғни көмекші - тьютор лауазымы енгізілді.

Тьютор - мектепте, ЖОО-да, қосымша және үздіксіз кәсіптік білім беру жүйелеріндегі, әлеуметтік білім беру ортасында субъектілердің жеке оқу траекториясын сүйемелдейтін педагог.

Тьюторлық сүйемелдеудің бағыттарын зерттеуде шетелдік ғалымдар N.L. Gage., D.C. Berliner, [3], Gordon, Morgan, Ponticell [4], E.B. Белицкая [5], Н.В. Рыбалкина [6] және отандық ғалымдарымыз Абдыхалықова Ж.Е. [7], Нурмуханбетова А.Н. [8] үлес қосқан.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушы өзіне сәл өзгеше көңілді талап етеді, дегенмен тьюторлық жұмыстың жалпы бағыты кез келген бала үшін бірдей болып қала береді. Тьютордың мақсаты-даму ерекшеліктері бар баланы мектеп ортасына сәтті қосу үшін жағдай жасау. Баланы енгізудің сәттілігі оның білімі мен дағдыларының (танымдық саланың) дамуына, оқу процесі мен мектепке (эмоционалды сфера) қатысты оң эмоционалды көзқарасқа, қарым-қатынас жасау қабілетіне (коммуникативті сфера) және баланың тәуелсіз болуына байланысты.

Кедергісіз ортаны қалыптастыру - бұл дамуында ерекшеліктері бар бала өзіне бейімделген білім беру бағдарламасын ыңғайлы қарқынмен және тиісті көлемде игере алатын жағдайлар. Сонымен қатар, даму ерекшеліктері бар баланы сүйемелдеу әрекеті ол орналасқан балалар тобының білім беру және коммуникативті кеңістігін бұзбауы керек. Сонда тьютор даму ерекшеліктері

бар бала мен мектеп ортасындағы басқа балалар мен ересектер арасындағы делдал ролін атқарады.

Мектептегі ортаны кедергісіз болу және ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы дамытуға ынталандыру үшін тьютор жұмысына келесі ұғымдар негізделуі керек:

- балаға сену,
- оның жеке басына деген шынайы қызығушылықты арттыру;
- ерекшеліктерімен қабылдау,
- шыдамдылық,
- білім берудегі жүйелілік.

Осы орайда АСБ бар балалардың психикалық ерекшеліктерін ескеру жағымсыз-мінез құлыққа бой айдырғанда тьюторлық сүйемелдеуді қажет ететіндігі өзекті мәселе болы табылады.

Жалпы білім беру жүйесіне аутизм балаларды инклюзивті білім беру үрдісіне кіріктіру мәселесі балалардың эмоциялық және психологиялық дамуына ықпал етеді және іске асады. Аутизм балалардың сөйлеу тілі коммуникативтілігі, бірігіп жұмыс істеу қабілеті, сенсорлық қабылдау бұзылуларымен сипатталады. Бұндай балаларды инклюзивті оқытуда алдымен бұзылымдарды негізін түсіну, педагогикалық әдістемелерді таңдау. Бір жағынан, аутистік белгілері және қабылдау проблемалары мектепте оқығанда үлкен кедергілер туғызады. Құрдастарымен қарым-қатынасқа кірігу қиындықтары сыныптастары және мұғалімдер жағынан әлеуметтік шектеудің себебі болады [9].

Тәртібінің бұзылуы, сыныпта айқайлау, орындықта қозғалу, агрессия, аутоагрессия бұзылымдары мұғалімге сабақ жүргізуге кедергі болады.

Сондықтан тьюторлық сүйемелдеу мақсатына қол жеткізуге келесі міндеттерді дәйекті шешу қажет:

- АСБ баланы сәтті оқыту үшін жағдай жасау;
- АСБ баланы сәтті әлеуметтендіру үшін жағдай жасау;
- АСБ баланы жеке басының әлеуетін барынша ашу.

Аталған міндеттерге келесі құралдар арқылы қол жеткізіледі:

- Өмір сүру кеңістігін ұйымдастыру және бейімдеу (жұмыс орны, мектепте бала болатын басқа орындар).

- АСБ бар оқушының жақын даму аймағын түсіну, оның ішкі жасырын ресурстарына сүйену, жүктемені мөлшерлеу, оқу материалын бейімдеу, оқу құралдарын бейімдеу.

АСБ бар оқушымен мұғалім қарым-қатынасында кездесетін мәселелер:

- Мұғалім әр нақты баланың дамуындағы бұзылулардың ерекшелігін түсінбейді.

- Мұғалім баланың неге басқалар сияқты әрекет етпейтінін түсінбейді.

- Мұғалім баланы өзінің мінез-құлқында болжау мүмкін емес деп санайды.

- Баланы «науқас» ретінде қабылдау.

- Мұғалім мектеп бағдарламасын меңгермеген баланы қалай бағалау

керектігін білмейді. Баланы процеске емес, нәтижеге оқытуға бағдарлау.

- Мұғалімдер даму ерекшеліктері бар балалармен ортақ тіл табады, бірақ бұл ретте балалардың ата-аналары, олардың балаларының осындай балалармен оқығанын қаламайды.

Осындай қиындықтарды ескере келе, инклюзивті сыныпта АСБ тьютордың көмегі қажет екені келесі бағыттарда айқындала түседі:

Баланы әлеуметтендіруде:

- Сыныпта АСБ бар оқушының мүдделерін дамытуға ықпал етеді;
- АСБ бар оқушының құрдастарымен қарым-қатынасқа деген қызығушылығын дамытуға ықпал етеді;
- АСБ бар оқушыға жанжалды жағдайларды жеңуге көмектеседі;
- АСБ бар оқушының тәуелсіздігін дамытуға ықпал етеді;
- АСБ бар оқушының ата-анасын оның жетістіктері, қиындықтары туралы хабардар етеді.

Баланың оқу іс-әрекетінде:

- Мұғалімге оқу бағдарламасын бейімдеуге көмектеседі;
- АСБ бар оқушының материалды тиімді игеру жолдарын іздеуді жүзеге асырады. (Карточкаларды, компьютерлік бағдарламаларды, арнайы дидактикалық құралдар мен кеңсе тауарларын іріктеуді жүзеге асырады).

Білім беру ортасын бейімдеу - АСБ бар оқушыны мектеп өміріне сәтті қосудың кепілі. Мұндай баланың қажеттіліктеріне мектеп бөлмесін, күн тәртібін, оқу бағдарламаларын және әдістемелік құралдары кіреді. Қоршаған ортаны бейімдеу кедергілерді анықтауды және мүмкін жоюды қамтиды: физикалық (пандустар, есіктер, дәретхана бөлмелері, жарықтандыру, акустика және т.б.), психологиялық (балалардың, мұғалімдердің, ата-аналардың және т. б. қарым-қатынасы).

Кедергілерді жою мүмкіндігі шектеулі баланы оған үйретуді тиімдірек етеді.

Қамқорлыққа алынушыны алып жүру бағытын ойластыру, физикалық кедергілерді жою; бала мен тьюторға арналған сыныптағы орынды таңдау, баланың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес орынды дайындау (таңбалау, отырудың биіктігі, партаның еңкеюі, жарық, қосалқы құрылғылар және т.б.) маңызды.

Тьютордың АСБ әлеуметтік өміріндегі рөлі оның мектептегі басқа балалармен және ересектермен сәтті қарым-қатынас жасауы үшін жағдай жасау болып табылады.

Алдымен тьютормен қарым-қатынас бала үшін ең маңызды болып табылады, бірақ уақыт өте келе оқушы үшін құрдастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынас бірінші орынға шығуы керек.

Қорытындылай келе, инклюзивті орта аутистік спектр бұзылысы бар балаға жалпы білім беру бағдарламасына сәйкес білім алумен қатар оқытуда кездесетін қиындықтар мен проблемаларды жеңуді қарастырады. Осы психологиялық-педагогикалық қолдауда тьютордың АСБ бар баланың мектепте әлеуметтенуіне, жеке дара білім беру бағдарламасын дайындауда,

оқудағы кедергілерді жоюып, кедергісіз орта қалыптасытуда, ата-аналарға бағыт-бағдар беруде тьютордың ролі ерекше.

Әдебиеттер:

1. Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдіс.нұсқаулық/Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ТП ҰҒПО, 2019. – 92 б.
2. https://baq.kz/inklyuzivti-bilim-kazakstanda-erekshe-balalar-kalay-bilim-alady_244410/
3. Gage N.L., Berliner D.C. Educational psychology. – Boston, MA: Houghton Mifflin, 1992. – 667 p.
4. Гордон Э. и др. Революция в тьюторстве: прикладное исследование передового опыта, вопросов политики и достижений учащихся / пер. с англ. – Ижевск: ERGO, 2010. – 332 с.
5. Белицкая Е.В. Тьюторская система обучения в современном образовании Англии: дис канд. пед. наук: 13.00.01. – Волгоград, 2012. – 201 с.
6. Рыбалкина Н.В. К вопросу о реконструкции исторических оснований тьюторства // <https://thetutor.ru/biblioteka/teoriya-i-istoriya/k-voprosu>.
7. Абдыхалыкова Ж.Е. Әлемдік білім беруде студенттерге академиялық қолдау көрсетудің теориясы мен технологиясы: АҚШ, Ұлыбритания тәжірибесі негізінде: 6D010300: док. PhD.... дис. – Астана, 2013. – 198 б
8. Нурмуханбетова А.Н. Әлемдік жоғары білім беру жүйесінде студенттерді тьюторлық сүйемелдеуді салыстырмалы талдау // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Хабаршысы. – 2019. – №2(127). – Б. 21-9. «Инклюзивті білім беруде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ортасы»: инклюзивті білім беру мектептерінің мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал/ Т.К. Шилденова.- Атырау, 2014.- 78 б.

ӘОЖ 378

ЖЕТКІНШЕК ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мазанбекова Меруерт Ержановна

Педагогика ғылымдарының магистрі

"Сырдария" университеті, Жетісай қаласы, Қазақстан

Адам онтогенезіндегі ең күрделі кезеңнің бірі – жеткіншек жас болып табылады. Бұл кезеңде бұрын қалыптасқан психологиялық құрылымдардың қайта құрылуы ғана жүріп қоймай, сонымен бірге жаңа білімдер қалыптасып, саналық көзқарастар мен әлеуметтік ішкі ыңғайланудың қалыптасуының жалпы бағыттылығы өседі. Жеткіншек жасының өзіне тән ерекшелігі оқу үлгерімінің төмендеуі, жұмыс қабілетінің түсуі, тұлғалық ішкі құрылымындағы дисгормония, мініз-құлықтың қарсыласқан негативті сипаты бұл жас сатысын